

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2019 жылы 19 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары
Ж.М. Қасымбекке**

Депутаттық сауал

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

«Бала – адамның бауыр еті», «Барым да, байлығым да балаларым» деп өмір сүрген халықпыз. Балалар өміріміздің жалғасы, еліміздің болашағы. Сондықтан, балаларға бар жақсылығын аямау әрбір отбасының және мемлекеттің басты парызы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары декларациясында "бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылғаннан соң да тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді" деп көрсетілген.

Дегенмен, елімізде бала құқығын қорғау, баланың өмір сүру құқығын дұрыс қамтамасыз етуде жіберіліп жатқан кейбір кемшіліктер бар.

Қалалық елді мекендерде тұрғындардың дені көпқабатты тұрғын үйлерде тұрады. Осындай үйлердің екінші және одан жоғары қабаттарындағы пәтерлерде тұратын тұрғындардың балаларының, сәбилердің терезелерден құлап кету жағдайлары жиі орын алып жатыр. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің соңғы бес жыл бойынша берген мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда 2014 жылы 24 бала осындай жағдайдың салдарынан қайтыс болып, 10 бала жарақат алған екен. 2015 жылы 25 бала қайтыс болған, 7 бала жарақат алған, 2016 жылы 21 бала қайтыс болып, 2 бала жарақат алса, 2017 жылы 31 бала қаза тауып, 245 бала жарақат алыпты. 2018 жылы 37 бала пәтерлер терезесінен құлап, көз жұмған, 141 бала зардап шеккен. Ал осы жылдың қаңтар-ақпан айларында 6 бала осындай жағдайдың салдарынан ауыр жарақаттар алған екен.

Міне, көріп отырғанымыздай, ел аман, жұрт тыныш кезеңде қаншама балаларымыз опат болып, мүгедекке айналып жатыр. Мұның басты себебі

бірінші кезекте ата-аналардың жауапсыздығы болып отыр. Өйткені, көбінесе жас балалары бар тұрғындар терезенің ашылатын бөлігіне балаларды құлап кетуден қорғайтын арнайы құрылғы орнатпайды. Нәтижесінде ашық қалған терезеден балалар құлап кетіп жатыр. Ал көптеген пәтерлерде тұрғындар терезелерге масадан қорғайтын москиттік тор орнатады. Бірақ, ол тор терезе жақтауына әлсіз орнатылатындықтан бала терезеге шығып, сол торға сүйену салдарынан тормен бірге сыртқа құлап кету жағдайлары көптеп орын алуда. Яғни, біздің кейбір азаматтарымыз өздерін масадан қорғауды ойлайды, балаларын өлімнен, қауіп-қатерден сақтауды ойламайды.

Елімізде қолданыстағы заңнамада мұндай жағдай үшін қарастырылатын жауапкершілік көзделсе де, балалардың терезеден, балконнан құлап, қайтыс болу фактілері жылдан жылға көбейіп жатқанын жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтер дәлелдеп отыр. Сондықтан, жоғарыда аталған кемшіліктерді жою үшін басқа да шараларды қолға алу қажет.

Құрылыс ұйымдарынан көпқабатты тұрғын үйлерді салу кезінде жобалау кезеңінде және құрылыс барысында терезелерге балаларды құлап кетуден қорғайтын сенімді құрылғы орнатуды талап ету қажет.

Еліміздегі құрылыс ұйымдары тарапынан бұрынырақта мұндай ұсыныс болған еді. Бірақ ескерусіз, елеусіз қалды.

Осыған орай:

біріншіден, құрылыс ұйымдары көпқабатты тұрғын үйлерді салу кезінде терезелерге балаларды құлап кетуден қорғайтын сенімді құрылғы орнатуын талап ететін нормалар үйлерді салу кезіндегі жобалық-сметалық құжаттарға, яғни құрылыс-архитектуралық нормаларға енгізуді;

екіншіден, пәтер иелері кооперативтерін көпқабатты үйлердің екінші немесе одан жоғары қабатының пәтерлерінің тұрғындарымен пәтер терезелеріне балалардың құлауына тосқауыл болатын құрылғылар орнату бойынша жұмыстар жүргізуін міндеттеуді;

үшіншіден, терезелерді жасау қағидалары мен құрылыс нормаларына балалардың қауіпсіздігін сақтайтын москиттік торлармен қамту бойынша қосымша талаптар енгізуді;

төртіншіден, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне тұрғын үйлер пәтерлері терезелеріне орнатылатын москиттік торлардың терезе жақтауына берік орнатылып, балалардың құлауына жол бермейтін жаңа түрін жасап шығаруды тапсыруды ұсынамыз.

Сол кезде ғана біз балаларымыздың мұндай жағдайлардан қаза болуы мен зақым алуын тоқтата аламыз.

Осы депутаттық сауалға заңнамада көзделген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
депутаттық тобының мүшелері**

Ш. Нурумов

С. Абдрахманов

«Нұр Отан» фракциясының мүшесі

В. Божко

Н. Жумадилаева

Р. Ким

Н. Микаелян

А. Мурадов

Ю. Тимощенко

Ш. Хахазов

З. Балиева

*орын: М.Ырысбекұлы
тел: 74-65-23*